

12075  
3836 4

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ

“ДИУАНИ ХИКМЕТ”  
(ДАНАЛЫҚ ЖОЛЫ)





**ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ**

**“ДИУАНИ ХИКМЕТ”  
(ДАНАЛЫҚ ЖОЛЫ)**

Алматы

“Сөздік-Словарь”

2004

ББК 83.3Қаз  
К 56

Бұл туынды Мәдениет ақпарат және спорт  
министрлігінің бағдарламасы бойынша  
шығарылып отыр

Алғы сөзін жазған әрі редакторы:  
**АЙТБАЙ СӘУЛЕБЕКТЕГІ**

Пікірін жазған профессор, шығыстанушы  
**ӨТЕГЕН КҮМІСБАЕВ**

**ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ**  
**К 56 ДИУАНИ ХИКМЕТ (ДАНАЛЫҚ ЖОЛЫ).**


Аударған С.Битенов. – Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2004. –  
196 бет.

ISBN 9965-409-62-5

Бұл кітап оқырмандар қолына кешігіп тиіп отыр. Қожа Ахмет Иассаудің “Диуани хикметін” ана тілімізге тұтастай түнғыш аударуның бірі Сыраш Битенов осы еңбегінің жемісін кормекші бол жүргенде, 1995 жылы бакылық бол кетті. Бірак артына ошпес мұра – Қожа Ахмет Иассаудің “Диуани хикметінің” қазақ тіліндегі нұсқасы “Даналық жолын” қалдырды. Өкінішке орай, ол хикметтердің түсініктеме создігін бастағанымен аяқтап үлгерmedі.

Оқырмандар үшін аудармашы жайындағы деректерге негізделген алғысозді, профессор, шығыстанушы Өтеген Күмісбаевтың “Диуани хикметтің” осы нұсқасының аударылуы хақындағы ғылыми көзқарасын және түсініктеме создігін қоса ұсынып отырмыз.

K — 4603020102  
00(05)-04



ББК 83.3Қаз

ISBN 9965-409-62-5

© “Сөздік-Словарь”, 2004

**ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ  
“ДИУАНИ ХИКМЕТ”**

Бұл кітаптың басылуына рұқсат берілді, С-Петербург. 1896  
күйдің 7 наурызында.

Бұл кітап Қазан қаласындағы Император университетінің  
иполитографиясында басылды. 1896 жыл.

Төртінші рет басылуы.

**• СЫРАШ БИТЕНОВ  
“ДАНАЛЫҚ ЖОЛЫ”**

1990 жылы Қожа Ахмет Иассаудің шағатай тілінде ба-  
ылған жоғарыда аталған “Диуани хикмет” кітабы (Қазан  
қаласы, Император университеті, 1896 жыл. 270 бет) тұнғыш  
жет толығымен (148 хикмет) қазақ тіліне аударылды.

# **АУДАРМАШЫ АШҚАН АҚИҚАТ**

**(АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА)**

**Бісміллаһір – Рахманір – Рахим!**

Алдымен Сыраш Битеновпен танысын алайык. Ол Қызылорда облысының Қазалы ауданында туыш-оскен. “Откен өмір” атты күнделігінде аудармащи былай деп жазыпты: “Біз Қарағандыға 1961 жылдың шілдесінін 8-жүлдезында кеп түстік. Қара сұқтан катты жаурадық. Бір айға дейін жұмысқа орналаса алмай, үздіксіз еңбек стажымды үзіп алдым. Себебі, пропискаға тұра алмадым. Сойтіп жүргенде мен үміт күткен, Ақаш жолдастым жұмыс істейтін 18-бис шахтасы өртеніп, 50-60 кісі шәйіт болды. Ақаш 36-бис шахтага ауысты. Ал мен болсам, шахтадан Корқып қалдым. Құрыш, тұрмай-ак кояйын деп те ойладым. Бірақ екінші ойым “А, Құдай, жар бола ғөр!” деп қанаттандырды. Сойтіп, шахтер атандым”.

Шынында, карапайым шахтердің Қожа Ахмет Иассаудің “Диуани хикметін” коне түрік тілінен (автордың мәлімдеуінше – ред.) ана тілімізге жолма-жол аударып шығуы сенімсіз бол көрінүі мүмкін. Сондықтан Сыраш ағаның өз әңгімесін алға тартамыз.

“Мен бұл енбекті казақшалағанға дейін діни оқудың үлкен мектебінен өттім, – деп жазды автор, – Мектебі болғанда мені ешкім діни оқуға үйреткен жоқ. Сол кенші бол жүрген кезімде бір үлкен кісі Құрандағы бір сөзді түсінбей, “мағынасын біліп берші” деп мені мешітке жұмсады. Міне, менің ғылымға деген құштарлығым осы сәттен басталды. Қазак Совет Энциклопедиясының бірінші томында арабтардың қысқаша тарихы бар екен. Сол тарихты оқыдым да, Құранды оқып шығуға ансарым ауды. Содан араб қарпін бір апта да үйреніп алдым. Тоте жазуды, әрине. Бірақ оны үйренгенімді кайтейін, Құранның тілі арабша екен, түсінбедім. Сойтіп жүргенде Ұзынқұлактан естідім, Гоголь кітапханасында Құранның орысшасы бар екен дегенді. Айтқандай-ак Ю. Крачковскийдің аудармасындағы Қуран екен, оны оқып шықтым. Оның арасында да талай кітап оқыдым гой. Сойтіп жүргенімде осы Атанын (Сыраш аға Қожа Ахмет Иассауді осылай атайдын – А. С.) хикметі қолыма түсе кеткені. Енді оны қалай оку керек? Мен осыны ойландым. Ешкім ескі түркіше білмейді. Сосын оның амалын іздең, акыры таптым. Алматыдан шығатын үйғырдың “Яна хайат” деген газетін, қыргыздың “Алатоо”, озбектің “Шарық жұлдыз”, татардың “Қазан отлары” деген журналдарын жаздырып алып оқыдым. Осыларды оқи-оқи тілімді жаттықтырган соң “Диуани хикметті” оқып карасам, ескі түрік тілі дегеніміз осы тілдердің түп торкіні екен”.

1995 жылдың күздінде Сыраш аға осы жолдардың авторын ша-кыртып, өзін наукас әбден мендел алғандығын. “Диуани хик-меттің” қазак тіліндегі озі аударған нұсканың уәде берген баспа мен белгілі жазушыларда жарыққа шықпай жатып қалғандығы-на өкініш білдірген-ді. Атын атап, түсін түстемей-ақ көйлік. Сыраш аға Түркістаннан бастап Алматыдағы бірнеше қаламгер-ге өзі аударған хикметтерді таратыпты. Ақылман ағаға не дең ке-нес беруші ек? “Жоғарыда отырған лауазымды, ықпалды басшы-ның біріне Ашық хат өзірленіз” дегеннен басқа. Содан аударма-шы аға төсек тартып жатқандығына қарамастан (Құдай адам ба-ласының басына бермесін!) сол кездегі Қазакстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің торағасы, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев мырзага мұн- зарын арнап жазды. Окінішке орай, сүм ажай Сы-раш Битеновты сол жылдың казанында арамыздан алып кетті. Тек арада 6 жыл откендеған “Жас Алаш” газеті (“ЖА”, “Диуа-ни хикметті аударған кім?”, 18 қыркүйек, 2001 жыл) Сыраған-ның Әбекене арнаған Ашық хатын және аудармашының енбегі жөніндегі деректерді жария етті. Қашанда таланттыға камкор-шы болудан жалықпайтын мәрт ағамыз Әбекеннің қос бірдей министрге жолдаған қызмет-хаты коп үзамай газет бетінде ба-сылды (“ЖА”, 2 қазан, 2001 жыл).

Шынында, Сыраш Битеновтың Қожа Ахмет Иассауилің “Ди-уани хикметтің” тұнғыш аударғандығын дәлелдеу киын емес (Окі-нішке орай, аудармашы ағамыз осы еңбекін тұтастай газет бетінде жария еттіріп, акырында бірнеше ғалымға “жиендік жасады” деген реніш білдірді). Түсінікті болу үшін “Диуани хикметтің” рес-публикамызда қазак тілінде жарық корген бірнеше кітабымен таныстырылыш:

- Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Аударғандар М.Жармұхамед-ұлы, С.Дәуітұлы, М.Шағиғи. Алматы, “Мұраттас”, 1993 жыл.
- Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. Алматы, “Өнер”, 1995 жыл.
- Хикметтер (Даналық кітабы). Аударған Есенбай Дүйсен-байұлы. Алматы, 1998 жыл.
- Хикмет жинақ. Аударғандар М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шағиғи. Алматы, ЖШС “Жалын”, 1998 жыл.
- Хикметтер. Аударғандар Ә.Ибатов, З.Жандарбек, А.Нұрма-нова. Алматы, “Дайк-Пресс”. 2000 жыл.

“Диуани хикмет”(Ақыл кітабы) деген кітапты шыгарған бір топ ғалым “Диуани хикметті” қазак тіліне аудару мәселеі соңты жылдарыған колға алына бастады. Осыған орай 1990 жылы “Орта-лық Қазақстан” газетінде С.Битеновтің аудармасы жарық коргенін айта аламыз. Ал Х.Ж.Имажанов ақсақалдың “Қырық хикмет” атты кітапшасы 1991 жылы басылып шықты. Сол жылы Ж.Әбдірашевтің

құрастыруымен ақынның бір хикметі шағатай, түрік, казак тілдерінде жарық көрді” деп жазды алғы сөзінде. Көріп отырыздар, құрметті ғалымдарымыздың өздері де Қазақстанда “Диуани хикметті” бірінші болып аударып, жарыққа шығарған Сыраш Битенов екендігін мойындайды.

Бір түсінбегеніміз, “Диуани хикметті” аударушылардың бірде-біреуі кітабында түпнұсқаның көшірмесін корсетпеген, оны айтасыз, тіпті қай жылы, қай қалада шыққан кітаптан аударылғандығына сілтеме де жасамаған. Түбінде шындықтың жеңетініне сенетін халықтың өкіліміз ғой, Алла қаласа, алдағы жылдары “Диуани хикметті” кімнің қалай аударғандығы да жария болып қалар. Ол үшін сарапшы ғалымдардың аяnbай тер төгүі қажет. “Әулиелердің әулиесі” атанған Қожа Ахмет Иассаудің аруағы қолдасын ондай адад ғалымдарды.

Осы кітапты әзірлеу үстінде бір мәселеге қатты қиналдық. Сыраш аға аманаттап кеткен “Диуани хикметті” бірнеше оқымыстыға көрсеттік. Аудармашы айтқандай ешкім ештеңе түсінбейді. Жанымыздың батқаны, ертеңгі күні баспаға ұсынар болсақ, қай жылы, қайда жарық көргендігіне жауап беру жайы еді. Біраз бас қатырған соң Сыраш ағаның жары Әлпеш апаның үйіне тарттық. Амандақтан соң қөкейдегі сауалымызды актардық. Кейуана да білмейтін боп шықты. АқырЫнда “Ағамыздан қалған қағаздар бар ма?” деп сұрадық. Шаң басқан бірнеше дәлтер алдымыздың келді. “Ағаң өлең де шығаруши еді ғой, – деп шешіліп сөйлей бастады аламыз, – ендігі қалған арманы “Диуани хикметтің” түсініктеме сөздігін жасап беріп кету болатын-ды. Амал не, ажалау құрғыры ертерек алып тынды ғой”.

О, Құдірет, бір сәт көз алдымыздың өз қолымен жазған Қожа Ахмет Иассауди бабамыздың “Диуани хикметтін” қай жылғы кітаптан аударғандығы туралы сөздер (казак, орыс және араб тілдерінде – ред.) жарқ ете түсті. Бұл бізге Алла Тағаланың берген жәрдемі еді. Әйтпесе, о дүниелік болғанына (Жатқан жері жайлы болғай! Жаны пейіште шалқығай!) сегіз жылдай уақыт откен Сыраш ағаның қолжазбасы сақталады дегенге кім сеніпті?

“Мақсатым – халқым дін дегеннін, Құран дегеннін не екендігін білсе деп ем. Атаның бұл кітабында Құранға түсініктеме береді, адамгершіліктің, бақытты өмір сүрудің жолдарын корсетеді. Бұл – нагыз гуманизмді дәріптейтін енбек.

Кез келген адам бір жақты ғылыммен шектеліп қалмауы керек. Құранда айтылған: адамның жүрегінде ғылымнан иненің жасуында да бос орын болмауы керек деп. Егер бос орын болса оған шайтан тұмсығын тығып еніп ап, адамды қылмыска итермелейді екен. Сондықтан шахтер боп көп жыл енбек етсем де ғылыммен жанжакты түрде шүғыллануды өзімнің парызым деп санадым. Радио-

техниканы да оқыдым, электрониканы да оқыдым, казіргі ғылымды да оқыдым, салыстырып оқыдым.

Мен уақытымды текке кетірмейін деп таңды танға үрдым, ғылым іздедім. Жұрт білмегенді білсем дедім, сол білгенімді білмейтіндерге үйретсем дедім. Уақыт деген зырылдаپ отіп барады. Ертөнді күні ғылымға не болатын адам да керек кой.

Маган Атаның хикметтері үнады. Оны жарыққа шығаруға мүмкіндік беріп отырған осы заман үшін шыбын жанды құрбан етуге болар еді. Бұдан артық не байлық керек? Мен бакыттымын. Ен бастысы — Атаның кітабы халыққа жететін болды”.

Ен ауыр жұмысты, шахтерлікті атқарып жүрсе де ғылымнан кол үзбеген, халқын жан-тәнімен сүйген Сыраш ағаның өмірі жастарға таптырмас өнеге емес пе? Қайран қарапайым қазағымай, өзін алансыз сенген аударманың арада 14 жыл өткенде ғана жарық көріп, халқынмен қауышатындығын сезбей кеттің-ау.

“Адам біреуге ақыл айту үшін алдымен өзіне-өзі революция жасауы керек, — деуші еді жарықтық Сыраш аға, — Мен өзімнін жан дүниеме революция жасаған адаммын. Адамда менмендік болады, көрсекзызарлық болады, аракқумарлық, темекікүмарлық т.б. болады. Оны токтату онай ма? Жоқ, балам, ол киынның киыны. Мен осының бәрін өз бойымнан тазалаймын деп өзіммен-өзім алыстым. Адам тәнге тұтқын болмауы керек. Ғылымға құмар болған адам өлгенін білмейді екен. Мен өзімді өзім ғылыммен жәндім. Алла Тағаланың сегіз сипаты бар дейді. Соның бірі ғылымға жүйріктігі екен.

Мысалы, кей молдалар намаз оқиды, бірақ не оқып тұрғанын өзі түсінбейді. Түсінсө халықтан ақша жинап, алақан жаймас еді. Мен соларға осыны түсіндірсем дедім. Стамболдан шықкан “Нұриама” атты кітапты оқыдым. Соңда мына дүниенің жаратылысы туралы айттылған. Соны молдамыз деп жүргендерге түсіндіріп берейін деп ем (ойткені, оны Құранды оқи алғандардың көбі оқи алмайды, түсінуге киын кітап) амал не, олар мені тындармады.

“Наданнын үстіне алтынды үйіп койсан да, калтырауын коймайды” депті бір данышпан. Қазір “жоқ, жоқ” деп көп айтамыз. “Жоқ” деген сөз байлық бол оралмайды адамға. Біз рухани байлықты, барлық байлықты өзіміз жасаймыз. Жерді құрттық, суды құрттық, тіпті аспанды да құрттық. Соның бәрі ертөндің ойламайтын надандықтан.

Мына кызыққа караңызы, біздін көзіміз бұрынғыдан ашыла түсті. Бірақ біз “дүкен сөрелері неге бос?” деп байбалам салдық. Шындығында, Алла Тағала бізді жан дүниеміздің бостиғын корсін деп оятыға гой.

Қыскасы, жан байлығы тән байлығын жасайды. Оған менін сенімім мол”.

Сыраш Битенов жасаған аударманың сапасы қаншалықты деңгейде екендігін алдағы уақытта маман ғалымдар айта жатар деген ниеттеміз. Марқұм Сырағанның өзі де ешқашанда осы еңбегі үшін мактанып көрген емес-ті. Тек Қожа Ахмет Иассаудін, аудармашының тілімен айтар болсак Атанаң қасиетті еңбегінің ана тілімізде сойлелендігіне өзін бақытты санайтын.

Қадірменді оқырман, бұл еңбектің кемшін тұстары кездесіп катып жатса, түсіністікпен қарарсыздар деген сенімдеміз (Өйткені Сыраш аға тірі болғанда кітаптың түсіндірме сөздігін жасап, шеберліктің жетіспей жатқан тұстарын өзі-ақ шындаған болар ма еди). Екіншіден, өз тарарапымыздан мүмкіндігінше түзетулер енгізбеуге қаншама тырысқанымызben аздал қалам тигізуімізге тұра келгендейдін несіне жасыралық.

Ең бастысы, “Диуани хикметте” жіберген қателерімізді өулие бабамыз Қожа Ахмет Иассаудің киелі аруағы кешірсе болғаны. Осыншама ауыр міндетті батылдықпен мойнымызға артып, пендешілікпен жіберген қателігіміз үшін Құл Қожа Ахмет бабамыздың аруағы алдында бас иіп, кешірім сұраймыз.

Баршаңызды Алла Тағала қолдасын!

Аумин!

**Айтбай Сәулебектегі,**

**Аудармашы Сыраш Битеновтың аманатын орындаушы, осы аударма кітаптың редакторы.**

## Құрметті оқырман!

Сіздің алдыңыздагы әулиесін атанған Қожа Ахмет Иассаудің қасиетті кітабындағы қасиетті сөздер. Сізден отінерім, қасиетті сөздер аяқта басылып қалмасын. Оны қастерлеп ұстауга азаматтығыңыз жетеді деп ойлаймын.

С. Битенов

### 1 - Құкмет

Бісміллаһір — Рахманір — Рахим!  
“Бісміллаһір” деп баян еттім осиет айттып,  
Талаптыларға дүр гауһар шаштым, міне.  
Қапалықты қатты тартып, қайғы жұтып,  
Мен “Дәптер сәни” санай аштым, міне.

Сөзін айттым, болса әркім талапқа сай,  
Жанды аямай халықтың көнілін аулап.  
Ғаріп, жетім, пақырлардың көнілін аулап,  
Көнілі бүтін халайықтан қаштым, міне.

Қайда көрсөн көнілі сынық, сондай болғын,  
Ондай көнілі сынық жолда қалмас, көрер тәнірі.  
Таңда маҳшар дарханында бейқам болғын,  
Надан болса халайықтан қаш деп айттым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул сүйді,  
Осы түні Миғраж шығып, дидар көрді.  
Қайта тұсіп, ғаріп, пақыр халін білді,  
Ғаріптердің жолын іздең тұстім, міне.

Үмбет болсан, ғаріптерге жақын болғын,  
Аят, Хадис кім айтса да құлак салғын.  
Ризық берсе, бір Аллаға риза болғын,  
Риза болып гүл шарабын іштім, міне.

Мәдинеге Расул барып болды ғаріп,  
Ғаріптікті мехнат демей болды хабиб.  
Азап тартып Жаратқанға болды ғаріп,  
Ғаріп болып ақыл жолын аштым, міне.

Болсан дана, ғарілтердің көнілін аула,  
Мұстафадай анғал конілді жетімді сүй.  
Дүние жима, нәжістерден бойынды тый,  
Бойым таза, дария болып тастым, міне.

Фашық бабын Аллам ашты, маған тиді,  
Дайын болып әзір тұрдым, мойнымды иді.  
Боран сынды мәліметтің оғы тиді,  
Еркімді алып жүрек-бауырым тестім, міне.

Көнілім — қатты, тілім — ащи, өзім — залым,  
Құран оқып, ғамал қылмас жалған ғалым.  
Фаріп жанын сыр етпеске келмес ҳалім,  
Хақтан қорқып, отка түспей пістім, міне.

Алпыс үш жасым жетті, өтті ғайып, асыл өмірім.  
Хақ өмірін берік тұттай, болдым надан.  
Ораза, намаз каза қылып, әуре болып  
Иман іздеп жақындардан кеттім, міне.

Уа, дариға, махаббаттың дәмін татпай,  
Әл келгенше қиял жолын түгел кешпей.  
Жар да сүймей, кұналарын мұнда шешпей,  
Шайтанга еріп, жан берерде шештім, міне.

Иманыма шенгел ұрын салды құрық,  
Пір Мұған әзір болып шашты тірлік.  
Шайтан залым менен қашып кетті лағып,  
Бейнамда Алла нұр иманын аштым, міне.

Пір Мұған қызметінде жүгіріп жүрдім,  
Қызмет қылып, көзімді ілмей, әзір тұрдым.  
Медет берді, әзәзілді қуалап ұрдым,  
Содан кейін қанат қағып үштым, міне.

## 2 - Ҳикмет

Фаріп, пакыр, жетімдерді қылғын шадыман,  
Құлдық қылып ғазиз жанды еткін құрбан.  
Тағам тапсанқ, шын көніліңмен күткін мейман,  
Хақтан естіп бүл создерді айттым, міне.

Фаріп, пакыр, жетімдерді әркім сүйер,  
Разы болар ол пендеге Пәруардігер.  
Ей, бейхабар болма, құман сені асырап,  
Хак Мұстафадан естіп айттым мұны.

Жеті жастан Арыстан бабқа айттым сәлем,  
Хак Мұстафа аманатын бер дең маған.  
Осы уақытта мың бір зікірін еттім тамам,  
Нәпсім оліп, Ләмәканға үштым, міне.

Құрма беріп, басым сипап, бағыштады,  
Бір уақытта ақыл кіріп, сапар қылдым.  
Қош бол деп бұл фәниден күдер үздім,  
Мектеп көріп, қайнап, толып, тастым, міне.

“Инна фатиханы” оқып, мағына сұрадым,  
Сыр шешіліп, көңіл хош бол дидар көрдім.  
Моллам ауырып, тыныш деді, қарап тұрдым,  
Шаш ағарып, жасым жетіп, қайран болып тұрдым, міне.

Ей, надан, мағына біл деді маған,  
Одан соң жолдар кезіп, Хак сұрадым.  
Комек берді, әзәзілді үстап міндім,  
Мұнқір, Нәнкір белін басып, жаныштым, міне.

Зікірін тамам қылып отем дүниеден,  
Хақтан өзге сөз айтпа, құр бекерге.  
Шамғанды іздең, шәкірт болдым пәруанаға  
Қанат қағып, күйіп-жанып үштым, міне.

Атым менің еш қалмады гүлдей солдым,  
Алла жадын айта-айта иллағи болдым.  
Қалыс болып, маклас болып иллағи болдым,  
“Панахи” Аллаһи маңайына үштым, міне.

Сұндет емес, кәпір болса, берме азар,  
Көңілі қатты, ділі азардан Құдай безер.  
Аллаһи хакы ондай құлдың қайырын тиyr,  
Даналардан бұл сөзді естіп, айттым, міне.

Сұндеттерін бекем тұтып, ұмбет болдым,  
Жер астына жалғыз кіріп, толдым, міне.  
Хаққа қарсы мақамынан макұрым болдым,  
Тіленші тән мен нәпсіні жаныштым, міне.

Нәпсім мені жолдан бұзып, кор етеді,  
Телмірттіріш, халыққа зар етеді.  
Зікірін айттырмай, шайтанға жар етеді,  
Қайдасың деп нәпсі басын жаныштым, міне.

Құл Қожа Ахмет, әурелікпен өмірін өтті,  
Уа, қасірет, көзден, тізеден қуат кетті.  
Уа, дариға, кошетін уақытын жетті,  
Амал қылмай керуен болып коштім, міне.

### 3 - *Хикмет*

Ей, достарым, құлақ салғын, айтқаныма,  
Не себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Миғражда Ҳақ Мұстафа рухын көрдім,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Ҳақ Мұстафа Жәбіреілге қойды сауал:  
“Бұл неткен рух тәнге кірмей, тапқан қамал”.  
Көзі жасты, халыққа басшы, жаны адал,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жәбіреіл айтты: “Үмбет, сізге бір іс түр ҳақ,  
Көкке шығып, періштеден алар сабак”.  
Не іске нала қылар таптым құна,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Перзентім деп Ҳақ Мұстафа тартты қалам,  
Одан соң барша аруақ қылды сәлем.  
“Рахмет, дария толып тасыды” деп етті баян,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Рухым ішімде пайда болды, Алла деді,  
Зікір айт деп бәдендерім бүйрық берді.  
Перзентім деп Ҳақ Мұстафа үлес берді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Төрт жұз жылдан кейін шығып, бір үмбет болғай,  
Неше жылдар халыққа жол көргізгей.  
Он төрг мың оқымысты қызмет қылған,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Тоғыз ай, тоғыз күнде жерге түстім,  
Тоғыз сағат тұра алмай қокке үштым,  
Фаршы-Күрсі маңайын барып құштым,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Фаршы үстінде намаз оқып, тізе бұктім,  
Риза болып, Хакқа барып, жасым тоқтім.  
Жалған ғашық, жалған сұпы коріп сөктім,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Бастан кешпей, “hy-hy” дегеннің бәрі жалған,  
Таппас сауап, бұл жалтақ жолда қалған.  
Хақты тапқанның өзі шырын, сөзі шырын,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Бір жасымда аруак маган үлес берді,  
Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді.  
Үш жасымда шілтен келіп хал сұрады,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Төрт жасымда Хак Мұстафа берді құрма,  
Жол көрсеттім, жолға түсті неше пенде.  
Қайда барсам Қызыр бабам маган жолдас,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Бес жасымда белім байлад, тағат қылдым,  
Тәтті Ораза үстап, әдет қылдым.  
Ертегі-кеш зікір айтып, гадет қылдым,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Алты жаста тұрмай қаштым халайықтан,  
Қекке шығып, дәріс алдым мәлайықтан.  
Дәмін таттым әр үәкілінен халайықтын,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты,  
Әр құпиямды көріп, пердемен бүркеп жапты.  
“Бихамдуллаң” көрдім деп ізімді өпті,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Ажал келіп, Арыстан бабам жанын алды,  
Хорлар келіп, қара тоннан кебін қылды.  
Жетпіс мың періште жиылып келді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жаназасын оқып, жерден көтерді де,  
Бір уақытта жұмакқа жол жеткерді де.  
Рухын алып, жаннатқа кіргізді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Я, Алла, я, Алла, жер астында тән қалды,  
Мұнқір, Нәнкір “Раббің кім?” деп жауапқа алды.  
Арыстан бабам Ислам дінінен баян қылды,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Ақылды болсан, жарандарға қызмет қылғын,  
“Әмір мағруп” қылғандарын құрмет қылғын.  
Жолбасшы қылғандарын ізет қылғын,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Сегізде сегіз жақтан жол ашылды,  
Хикмет айт деп басымнан нұр шашылды.  
Бихамдуллаһ, пірім маған ақыл берді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Ей, пірім, хак Мұстафа сәби білгін,  
Қайда барса осиет айт деді тағзым қылып.  
Зікір айтып, Мұстафага үмбет болдым,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Тоғызда толқымадым тұра жолда,  
Тәбәрік деп алып жүрді қолдан-қолға.  
Қуанбадым бұл сөздерге шықтым шөлге,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Он жасында бала болдын, Құл Қожа Ахмет,  
Қожалыққа белгі қойып, қылмай тағат.  
Қожамын деп жолда қалсан қасірет кой,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

## 4 - *Хикмет*

Әр тараптан үн келді құлағыма,  
Зікір айт деп, зікірін айтып жүрдім, міне.  
Ғашықсыздарын көріп ем жолда қалды,  
Сол себептен ғашық дүкенін құрдым, міне.

Он бірде раҳмет дариясы тоғып, тасып акты,  
“Алла” дедім, шайтан менен алыс қашты.  
Я, солай, мұміндікке тұра көштім, міне,  
Он екіде бұл құпияны көрдім, міне.

Он үште ит-нәпсімді қолыма алдым,  
Ей, нәпсім, тастан жұз мың пәле салдың.  
Тәкаббарын аяқастында басып алдым,  
Он төртімде топырак сынды пенде болдым, міне.

Он бесте Көрүглі қарсы келді,  
Бас иіп, қол құсырып тағым қылды.  
“Радус” атты жаннаттан ызғар келді,  
Дидар үшін баршасын койдым, міне.

Он алтыда барша аруақ үлес берді,  
“Алақай, сізге мұбарақ” деп адам келді.  
Перзентім деп мойнынан құшып,  
ықыласымды алды,  
Он жетіде Түркістанда тұрдым, міне.

Он сегізде ғайыперен шілтемен шарап іштім,  
Зікір айтып, әзір тұрып, қүйіп-пістім.  
Бүйрық солай, жаннат көріп, хорлар құштым,  
Хақ Мұстафа жамалдарын көрдім, міне.

Он тоғызыда жеті мақам пайда болды,  
Зікірін айтып, ішім-тысым дана болды.  
Қайда барсам Қызыр бабам әзір болды,  
Фаусыл-Фияс нұрын ішіп, ақылым толды.

Жасым жетті жиырмaga, еттім макам,  
Бихамдуллаh, пір қызметін қылдым тамам.  
Дүниедегі ан-құстар қылды сөлем,  
Сол себептен хакқа жақын болдым, міне.

Мұмін емес, хикмет естіп жыламаса,  
Достарының айтқан сезін тыңдамаса.  
Аят, Хадис және Құран тыңдамаса,  
Бұл рауаятты Фаршы үстінде көрдім, міне.

Рауаятты көріп, Хаққа барып, мен сөйлестім,  
Жұз мың тұрлі періштемен мен кездестім.  
Сол себептен Ҳақты сөйлеп іздедім мен,  
Жан-тәнімді оған пида қылдым, міне.

Құл Кожа Ахмет,  
жасың жетті жиырма бірге, не қылгайсың,  
Құналарың таудан ауыр, жылағайсың.  
Қиямет күні азап қылса Рabbіm келіп,  
Ей, достарым, не деп жауап айтамын мен?

Хош, гайыптан құлағыма хабар келді,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.  
Барша әулие жиылып келіп үлес берді,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.

Жиырма екіге толығып, жігіт болдым,  
Шипа болып, шын дертке дауа болдым,  
Жалған ғашық, шын ғашыққа күә болдым,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.

Ей, достар, жасым жетті жиырма үшке,  
Жалған дүға тағаттарым бәрі есте.  
Қиямет күні не қыламын, қандай лаж,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.

Мен жиырма төртке кірдім, Ҳақтан жырақ,  
Ақыретке баар болсам, кане, қару-жарак.  
Жиырма жетімде пірді таптым,  
Не корсем де пердемен жауып бақтым.

Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне,  
Жиырма сегізде ғашық болдым бір Аллаға.  
Тұнде жатпай, меңнат тартып, тағат қылдым,  
Онан соң мейіріміне лайық болдым.

Халім қараң, бауырым күйді, көз бүлдырап,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.  
Отыз жаста отын жағып, күйдірділер,  
Барлық әулие жиылып дүниені  
көйдірдилар.

Ұрып-соғып, дүние қамын койдырдылар,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.  
Құл Кожа Ахмет, дүние жима, ісің бітер,  
Кеуденен шықкан жаның Farышka жетер.

Жан берерде Ҳак Мұстафа көмек берер,  
Сол себептен Ҳаққа сиынып келдім, міне.

## 5 - *Хикмет*

Ей, Иллахи, мактаумен Хикмет айттым,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.  
Тәуба қылып құнамнан корқып қайтам,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық бірде ықылас қойдым жол табам деп,  
Жолдастардан құпия көрсем, қүнәсін  
жабайын деп.  
Пірімнің ізін аулап сүйейін деп,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық екіде талап қылып жолға келдім,  
Ықылас қойып, жалғыз Хаққа көңіл бөлдім.  
Фаршы – Құрсі, көктен өтіп ғалам кездім,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық үште Хақты іздең, нала қылдым,  
Көз жасымды ағызып сел қылдым.  
Жапан кезіл, өзімді уали қылдым,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық төртте маҳаббаттың базарында жолын тосып,  
Жылап жүрдім гүлзарында запыран жұтып.  
Мәжнүндегі басымды жоғалттым ғашықтықлен,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық бесте сенен қажет тілеп келдім,  
Тәуба қылдым, қателікті жүдеп білдім.  
Ей, Алла, рахметіңді үгына, білдім,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық алтыда зауық көнілім толыл, тасты,  
Рахметінен нұр тамып, шайтан қашты.  
Хаққа Аллахи мейірім қылып бабын ашты,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық жетіде жеті жақтан хабар жетті,  
Сак болып ішімдіктен қожам жұтты.  
Шайтан келіп нәпсімді өзі жеді,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық сегізде ғазиз жаннан безер болдым,  
Кінә дерті кесел қылды, ауру болдым.  
Сол себептен Хактан қорқып ояу болдым,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Қырық тогызда ғашық отында күйіп-жандым,  
Мәжнүндей қыл-естен қажып-талдым.  
Тұрлі-тұрлі жапа шектім, мойын ұсындым,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Елуде ермін дедім, пиғылым зағип,  
Қан токпедім көзімнен, бауырым езіліп.  
Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

Құл Қожа Ахмет, ер болсаң өлген жақсы,  
Қызыл жүзің қарайып солған жақсы.  
Топырактай жер астында болған жақсы,  
Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған.

## 6 - *Хикмет*

Сабиг<sup>1</sup>, Садық, дүйсенбі құні жерге кірдім,  
Садық (Әділ) Мұстафаны құрмет тұтып,  
кірдім, міне.

Алпыс үште сұннат деді, естіп, білдім,  
Жер астында жарандарым матем тұтты.

Барша өлем сұлтаным деп дабыл қақты,  
Хақты тапқан шын сопылар қайғы жұтты.  
Қоштасып дүниемен жер астына  
қадам бастым,  
Дүниені харам дедім, Хақты сүйдім.

Зікірін айтып жалғыз өліп, жалғыз күйдім,  
Мұстафаны құрмет тұтып жерге кірдім.  
Аят оқып, тұн ішінде тік тұрдым,  
Кеш намазға күндіз-тұні дайын болдым.

<sup>1</sup> Сабиг – Алла Тағаланың мекені

Бұл халмен жер астында дайын болдым,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Алпыс құн, алпыс тұнде бір рет татып тағам,  
Таң атқанша намаз оқып, тек сәлемде болдым.

Алпыс үште өмірімнің ақыры болды тамам,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Хак Мұстафа рухы болды имам  
Барлық перште жер астына кеп жиналған.

Көп жыладым, Хак Мұстафа берді жәрдем,  
Мұстафаны құрметтеп кірдім, міне.  
Миғраж тұні нұр болды, перзентім, – деді,  
Қолымды үстап, үмітім сен, үмбет, – деді.

Сұннатымды бекем тұт, жүрегінде, – деді,  
Мұстафаны құрметтеп кірдім, міне.  
Кияметте адассаң жолға сені салайын,  
“Мұхаммед” деп тұщынсан,  
мен қолыңнан тартып алайын.

Перзентім деп жаннатқа кіргізейін,  
Мұстафаны құрметтеп кірдім, міне.  
Ей, жарандар, бұл сөзді естіп, тасыдым,  
Үмбет деді, ішкі дүнием нұрға толды.

Назар салып, дидарын Хақ көрсетті,  
Мұстафаны құрметтеп кірдім, міне.  
Дидар көріп, рухым ұшып көкке қонды,  
Мұсадай жүрегім күйіл-жанды.

Мәжнүндей көңіл кияльынан қашып тынды,  
Мұстафаны құрметтеп кірдім, міне.  
Машахат тартпайынша рахат қайда,  
Қызмет қылмай, дерт татпай, болмас пайда.

Аятым оқылмай, тән мен жан пайда таппас,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Жер астына түсіп ем, есім ауды,  
Кезімді ашып ем, Мұстафаны анық көрдім.

Кұнаһар үмбеттердің халін білдім,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.

Ей, перзент, менен сұра, қане үмбетім,  
Үмбетім деп жүргегім толы қасірет.

Үмбет үшін тартайын Хақтан тілеп,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Жазығын үмбетімнін әр жұмада кеш,  
Алып келген, я, Мұхаммед, сен мұны шеш.

Тәнірім, тағы жылап, сәждеге жығылам, өзің шеш,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Әр жұмада кеш, үмбеттердің күнәсін  
Көп кой, Мұхаммед, алып келген үмбетінің күнәсі.

Үмбеттерін не қылмақ, Ахмет сенің,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Мен неліктен коз шырымын алармын,  
    ей, үмбетім,  
Жаратқаннан қорықпа, жесен қамын.

Кеш жатпай, тағат қылсан, хош дәулетің,  
Мұстафаны құрмет тұтып кірдім, міне.  
Жер астына кірдім, достылар, бер ықтияр,  
Әумін деңдер, сахабалар мен төрт шадияр.

Үмбеттерім жарылқа деп пәруардігер,  
Құл Қожа-Ахмет, мен дәптерге сыйдырдым.  
Екі әлем қызықтарын “миға”<sup>2</sup> саттым.  
Олмес бұрын жан ашуының зәрін таттым.  
Мұстафаны құрмет тұтып келдім, міне.

## 7-Хикмет

Ол қадірлім құрметпенен назар салды,  
Мұнлы болыл жер астына кірдім, міне.  
Еаріп пендең бұ дүниеден сапар қылды,  
Мұнлы болып жер астына кірдім, міне.

Зікір айтып шүкір қылып Хақты таптым,  
Дүние қамын харам қылып жаншып тептім.

<sup>2</sup> Ми - шарап

Шәйіт болып тірідей жаңнан бездім,  
Қамсыз болып жер астына кірдім, міне.

Сүмдығынан тау-тастар сөкті мені,  
Пасық тілде согіп еді таптың деп не?  
Фашық болсаң әуел барып Ҳақты таны,  
Мақұрым болып жер астына кірдім, міне.

Сізді, бізді Ҳақ жаратты тағат үшін,  
Ей, бұл ғажайып: ішпек, жемек, рахат үшін.  
“Қалу-бәла” деді, рухым меңнат үшін,  
Қарабет болып жер астына кірдім, міне.

Нәпсім менің көп қинағы Ҳаққа бақпай,  
Ертелі-кеш бейғам жүрдім жасым ақпай.  
Байлаулы жүректе сыр лажын таппай,  
Пір Мұған болып жер астына кірдім, міне.

Құлды көрсем,  
құл болып қызмет қылсам,  
Топырактай жер үстінің жолы болсам.  
Фашықтарды көрсем,  
оның үшқан құлі болсам,  
Ләм демей жер астына кірдім, міне.

Онан кейін “меңнат тарт, пендем”, — деді,  
Қайғы жұтып, Алла дедім, рахым етті.  
Дозакта қалмасын деп қамын жеді,  
Тұтқын болып жер астына кірдім, міне.

Жасым жетті алпыс үшке,  
бір күнгідей болмады,  
Уа, дарига, Ҳақты таппай,  
көңлім менің тынбады.  
Жер үстінде сұлтанмын деп болдым ұлық,  
Шұқір етіп жер астына кірдім, міне.

Шайхымын деп дүға қылыш жолда қалдым,  
Фәни деп дүниені артқа салдым.  
Нәпсім мені ауа қылды, жолда қалдым,  
Дәмсіз болып жер астына кірдім, міне.

Басым — топырақ, өзім — топырақ,  
денем — топырақ,